

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 997 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) құрылсын.

2-7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.10. N 1363 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін, қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 20 маусымдағы
N 997 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті (Қорғанысминінің Қорғанысөнеркәсіпкомы) туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.10. N 1363 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 20 маусымдағы
N 997 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің қарауындағы ұйымдардың ТІЗБЕСІ

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.10. N 1363 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл жасау қаруларын жою жөніндегі Үкіметтік комиссия туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қыркүйектегі N 1280 қаулысының 4 және 9-тармақтарындағы "Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.09.24. N 950 қаулысымен .

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 11, 83-құжат):

3-тармақтағы "Экономика" деген сөзден кейін "және сауда" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулыға 1-қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары", "Өнеркәсіп және сауда министрлігі", "Өнеркәсіп және сауда министрлігінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 мамырдағы N 603 қаулысына :

аталған қаулыға 2-қосымшадағы:

Акцияларының мемлекеттік пакеттері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатылатын акционерлік қоғамдардың тізбесінен Атырау қаласындағы "Шельф" акционерлік қоғамы алынып тасталсын.

6. Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.08 № 1324 Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК